

Көлтабан ауылдық округі құрамындағы бөліктеріне (қыстақтарға) атаулар беру туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан селолық округі әкімінің 2011 жылғы 10 қарашадағы № 11 шешімі. Ақтөбе облысы Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 қарашада № 3-4-135 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 19.11.2014 № 15 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "селолық" деген сөзі тиісінше "ауылдық" деген сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 19.11.2014 № 15 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Көлтабан ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 07.12.2020 № 44 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Көлтабан ауылдық округінің құрамындағы бөліктеріне (қыстақтарға) келесі атаулар берілсін:

- 1) Аққұдық;
- 2) Ербас;
- 3) Қаражар;
- 4) Қарабұйрат;
- 5) Қамысқора;
- 6) Қызылту;
- 7) Қызылтаң;
- 8) Құлақ;
- 9) Мойындықияқ;
- 10) Сарыбұлақ;
- 11) Шихетер;
- 12) Елібай;
- 13) Қарағандысай;

- 14) Қызылқұдық;
- 15) Тереңқұдық;
- 16) Үлкен Сорқұдық;
- 17) Кенжалы;
- 18) № 174 разъезд;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ескерту. 2 тармаққа өзгерістер - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 07.12.2020 № 44 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көлтабан ауылдық округі әкімі

С.М.Бітімбай